


БАЛАЛЫҚ ГІЕН ТІЛЕДЕСУ



ДӘМІНДЕ АЛДАУЫЛ

ДОСЖАН

БАЛАЛЫҚ ГЕН ТАДЕСҮ

Әңгімелер мен повестер



ББК 84 Қаз 7-44

Д 64

**Кітап Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт
министрлігінің бағдарламасы бойынша шығарылып отыр**

Д 64 Дүкенбай ДОСЖАН.
БАЛАЛЫҚПЕН ТІЛДЕСУ. Әңгімелер мен хикаяттар.
Алматы: ҚАЗАқпарат, 2005. – 472 бет.
ISBN 9965-643-94-6

Әр адамның балалық шағы жүргегінің төрінде жүреді. Жазушы Дүкенбай Досжанның 40 жыл қолемінде балалар тақырыбына жазған әңгімелері мен повестері әр жылдары жеке-жеке кітапша құйінде жарық көріп, кітапхана бүршішінда жыртылып, тозып, жоғалуға айналған. Бұл әңгімелер кезінде неміс, испан, ағылшын, орыс, өзбек, украин, молдаван, татар, түрік тілдеріне аударылып басылды.

Бала көзімен дүниені тану, жаңалық ашу, жақсылыққа, жарыққа үмтүлу, достық, сағыныш, мұн, реніш, өкпе, нала сезімдерін алғаш сезіну – әңгімелерінің ортақ желісі. Америка ашқандай – жарық әлемді өзінше, тыңнан тану, жақсы мен жаманды ажырату сәбиге тән оқиғалармен өрілген. Дүниені бояумен көру, қайталанбас айшықта елестету – “Бәйге”, “Қымыз”, “Көкпар”, “Ақыл сатамын” әңгімелерінің жұлынды желісі. Бұл әңгіме, хикаяттар уыз дәмді, ұғыныкты, баланың бал тілімен жазылған.

ББК 84 Қаз 7-44

Д 4803250201
00 (05)-05

ISBN 9965-643-94-6

© Досжан Д., қайта басылымы, 2005
© “ҚАЗАқпарат”баспасы, 2005

ӘҢГІМЕЛЕР

АТШАБАР БАЛА

—Тарт!— деген аңы айқай шықты. Кішкентай Бекбаулы ат жалына жата қалды. Сөреде қатар тұрған оншақты сәйгүлік бір мезетте дүр етіп ытырыла жөнелді. Бекбаулының Керкиігі бәйге сырына машық. Әлгі аңы айқай, сонан соңғы атшабардың жалына жата қалғаны — тізгіннің босағаны деп түсінеді. Ендігі ырық өзінде. Жер түяғының астынан сырғы акты.

Сары даланы қара құйындар қаптады.

Әуелгіде Бекбаулы шаңнан ештеме көрмеді. Тізгінді киыс бұрды. Бұл шаң шетіне шығу амалы еді. Сайыпкер әкесінің: “Шаң ішінде қалма, ат қаталайды”, — деп айтқаны қулагында.

Шаңнан да шықты.

Жаңа ғана тұтаса шапқан аттар енді тырнадай тізілген. Керкиік осы тізбектің орта тұсында келеді.

Бекбаулы атқа жеті жасынан шауып жүр, қазір он екіде. Шабысқа көнігі. Атқа қанық. Сайыпкер әкесі ұлына сенеді. Сондықтан да, Қаратая жұртының намысын қорғауға тағы жіберіп отыр.

Қазақ бәйгесінің Бекбаулы білетін екі түрі бар. Бірі — айналма бәйге, екіншісі — айдама бәйге. Айдама бәйгеде аттар күні бұрын белгіленген алыс жерге апарылады да, кейін қарай, елге дейін тұра шабады. Мұнда жұрт ат шабысын көре алмайды. Тек бәйгеден қалай келгенін көреді. Ал айналма бәйге кен жазықтың әр тұсына қадаған қарауыл қадалардан айналып шабылады. Мұнда жұрт аттың шабысын да, бәйгеден қалай келгенін де көріп тұрады. Бұғінгісі — айналма бәйге болатын.

Әр айналым алты километрден, отыз километр қашықтықты бес айналып шығады. Сосын — меже!

Бәйге туралы ойлап келе жатып Бекбаулы білмепті. Керкиік алғашқы айналымды артқа салған. Қырқада қаптап тұрған жұрт қиқуласып қалып барады. Алдағы аттар сиреген. Жебедей зырқыратып Әріпжан күреп барады, оның алдында Түркістанның Жирені болар... шаңнан байқай алмады. Қалған сәйгүліктер артта келеді.

Еңкейіп ат жалын кері қайырды. Омырауына жел тисін деді. Тізгінді жайлап тарта бастады. Қатты ышқынған аттың ырқын басқаны жөн. Ойтпесе, ат тез барлығып қалады. Мұндайда бірқалыпты созылма шабыс жақсы. Керкиктің арыны басыла берді. Иртік шабыс жойылды. Енді біртіндеп екпінді үдеткені мақұл.

Екінші айналымның аяғында Бекбаулының бір ат қуып жетті. Сауыр сипасты. Тізгін қағысты. Бірақ Керкик оздырған жоқ. Бауыры қайыстай жазылып жүйткі берді.

Кішкентай Бекбаулының көз алдына сайыпкер әкесі елестеді. Қашан да қатулы жүретін. Ат сүйтқанда: “Бүгін катты шауыпсың”, “үйге жеткенше тізгін тартпайтының қалай”, – деп көнілі бітпейтін. Ентіккен жылқының алқымына қол жүгіртеді, біле қояды. “Арам тері шығыпты”. “Ертең қамау терін аламыз”. “Арғы күнге қантар тер қалады”. “Сосын бәйгеге қосамыз”. Міне... осылай, ат бабы бір таусылмайды. Мазасыз-ак, бәйге болады деген күні түннен тұрады. Түнімен аш, таңасулы қалған атқа қайнаған арпа береді. Сосын мұздай суға салады. Құйрық-жалын сүзіп тарайды. Тізгінің түйеді.

Бүгін сол тізгінді Бекбаулыға үстатель тұрып:

–Ат бәйгені сұрап тұр! – деген.

Бекбаулы түсінеді. “Ат бабында, ендігі сөз сенікі”, дегені еді бұл әкесінің. Қарт әке тәптештеуді сүймейтін.

Ышқырынан орамал сұрып алды. Жүйткіп келе жатқан Керкиктің көзін сұртті. Ойтпесе, жанарын тер тұтады. Шапқызбайды. Удай абынан тер тақымын сорды.

Бұл үшінші айналымның тұсы.

Керкик қамшы салдырмай келеді.

Ат шабысы мұлтіксіз. Бір қалыпты, созылма. Даға бетімен қалықтап үшып келе жатқандай сезіледі. Құлағына жел ыскырады. Ат жалы бетін осады. Әріпжан Қүрәңмен құйрық тістесті. Қүрен ақ көбік терге малшынған. Қатты қиналып шауып барады. Бұл сұтыны кем аттың шабысы. Керкикті алғаш бәйгеге қосқанда Бекбаулы да осындаі қүйге тұскен. Атшабар бала Қүрәңге қамшы үрді, тағы үрді, тағы үрді... Тізгін тістесіп бара жатып байқады. Қүрен аттың көзі жасқа толы екен. Бекбаулының жүргегі шым етті.

Осы мезет.

Қала бастаған Қүрәңнің сол алқымы Бекбаулының үzenгісін қакты. Әлдене күрт етті. Көзін жұмып қалды. Тартпа

үзілген болар деп ойлаған. Сырғып өте шығып, еңкейіп байқап еді, бақтына қарай үзілмепті. Бірак тартпа бауы Қүренгे ілініп, созылып барып босаған екен. Ері салқылдан қалды.

Енді қайтпек?!

Үшінші айналым аяқталуға жақын. Тартпаны ептеп қатайтып тартқаны макұл. Кідіруге болмайды. Ойтсе арттағылар шанға көміп, басып озады. Және соңғы айналымда шабыс сұрапыл үдейді. Соңда бос ер сөз жоқ сауырға сырғиды. Бекбаулы тартпаны шауып келе жатып тартуды ойлады. Тізгінді тістеді. Оң жағына еңкейлі. Қолына тартпабау ілікті. Ұшын шешкен жоқ, саумалаң шірей бастады. Төрт елідей тартпабау босады, сол селкеуді енді ұшқа сырғытып кеп, тартып қалды. Тартпа қатайды. Ер орнықты.

Еңсесін көтерді. Керкиіктің шабысы бәсендең қалыпты. Бекбаулының өз кінәсінен болды. Қүренгे тым тақап кеткеннің кесірі бүл.

Төртінші айналымда шабыс аласапыран дауылға ұксады. Арттағы аттар жақындан қалған. Оның үстіне Түркістанның Жирені оқ бойы ұзап кетіпті. Осы айналымда жетіп алмаса, оздырмайды, сосын...

Құллі аудан намысы, әке абыройы, өз бейнеті босқа кеткені. Желге ұшқаны. Сонын өзі жолдастарының бетіне тұра қарай алмайды. Керкиіктің қанатын қиганы болады. Осыны ойлағанда Бекбаулының көкірегін ыза кернеді. Тамағына тас түрғандай болды.

Алғаш рет атқа қамшы салды.

Қырқадағы қалың жұрт тағы дүрлігіп қала берді.

Алдындағы Жирен заулатып барады. “Бәйгенің пірі”, деп естіген. Үстінде еңгезердей ат иесі, жиырмаға жеткен жігіт болатын. “Ауырламай ма?”, - деп сұраған шалдар. “Белі мықты. Бала шағаға сенімім аз!”, - деген әлгі жігіт. Озге жылқыны көзіне ілмеген. Құлген. Айтқанындағы аты аяқты көрінеді. Бәйге басталғаннан алда барады.

Керкиік қамшыны тез түсінді. Денесінен ток өткендегі дір етті де, бауырын жазды кеп. Жұлқыма жел, ысқырған жал қатты құтырды. Бекбаулының тынысы тарылды. Желге шашалады. Тізгінді барынша босатты.

Керкиіктің қос құлағының арасынан Жирен қарандап қана көрінді. Бірте-бірте үлкейе берді. Дүбірі анық естілді. Шаңы

танауын қапты. Бекбаулы үмтүла түсіп ат көзін тағы сұртті.

Жиренмен тұстасып қалған. Атшабар жігіт жатып шабуды қойып, тік отырып далақтап барады. Атының күші бар. Бірақ үстіндегі жігіті ауырлап келеді. “Ұзақ шабыста атқа қамшының өзі ауырлық етеді”, - дейтін әкесі. “Қаланың бәйгесі баланың ойыны секілді. Титімдей аттардың үстіне өгіздей жігіттер мінеді. Сосын ырсылдатып шабады екен. Бір айналымға ат өзөр шыдайды. Межесі де қыска. Е шабысқа көзің қанбайды, е шауып ат жарымайды”, - деп сайыпкер әкесі күліп отыратын. Жирендең қала бәйгесіне үйренген жігіт болды. Дала бәйгесіне аттың аты шыдайды. Сыны мол, серпіні катты. Қызықтың қекесі дала бәйгесінде!

Бесінші айналымның басында Керкиік Жиренде артқа салды.

Сыны мол соңғы айналым қалды.

Ат шабысы домбыра шегіндегі әсем де дүбірлі. Тынысы кең. Аршыны жазық. Бауыры созылған сайын Бекбаулы сыптырыла жаздайды. Қолы жалға қарысып қалған. Атқа қамшы салмайды. Тізгінді бүрмайды. Жануар жер жайын өзі біледі.

Күн екінді шак болатын. Бүйірден шақырайып тұр. Талмаусыраған бірер құйын қиырда қаңғып жүр. Аяқ астынан бозторғай пырлап үшады.

Межелі тәбе. Тәбе сырты ығы-жығы аттылы. Бұлар бәйге күткен жүрт. Сайыпкер әкесі қайда екен?! Қолдарына ақ орамал ұстаған балалар көрінеді. Бұл балалар – тізгін ұстарлар. Межеге жеткен аттарды тоқтатпай, қатарласа шауып, тізгінің тартып әкетеді.

Бұл мезетте Керкиік межеге тақап қалған.

Дала төсі дүрлігулі. Бәйгеге қызған қошеметшіл жүрт.

Атойлаған айқай. Ат арынды тұғын. Бекбаулы қызынып кетті. Керкиікке тағы қамшы басты. Межелі төбенің үстінен жүлдышыздай ағып өте шықты.

Керкиік бәйгеден келді!

Бекбаулының кішкентай кеудесін қуаныш кернеді.

Тізгін ұстар бала қатарласа шауып, Керкиікті жетелеп жөнелді. Бекбаулының тақымы удай ашиды. Ұзақ шабыстан қарысып қалған. Шапкан ат. Тізгін тартқан қолдар. Сосын шаң. Сосын сайыпкер әкесі, көзінде нұр. Ат үстінен баланы тымақша іліп әкетті. Қатқыл даусы құлағына жетті.

–Тұқымына тартқан, құлыным!

КӨКПАР

Сердалы атқа қонғанда күн тас төбеде еді. Сарғыш дала бетінде қап-қара қойны жүрер. Шыр еткен бозторғай жоқ, әуе айналып жерге тұскендей. Қыра етегі көтеріліп қүйин жарысады. Қос қыран аузын арандай ашып, сонау тұстағы молаға келіп қонды. Мен-зен қапырық дүние. Осы сөттегі тіршілікті ешкім тұсінбестей, тұсінетін де жан жоқ. Тек сарғайып кеткен күн ғана тас төбеден дүниені қүйдіріп жалана туседі.

Іә, осы күн көкжиекке жеткенде өзіне қандай қатер төнерін Сердалы білген жоқ. Әлі күн батуға бірқыдыру уақыт бар. Әдетте, кокпарға шығатын адам көңіліне қауіп алмайды. Алдыңцы ойлап, қобалжып кетсөн жолыңың болмағаны. Бұл жерде тек тәуекел шешеді, ғасырлар бойғы ата сөзі, ата дәстүрі осындаиды.

Сердалы есін білгелі селт етіп қорқып көрген жан емес. Бірбет, қызба, қыңыр болып өсті. Әлгіде жүрегі лоблып, басы айналғандай болды, зілбатпан салмақ шекесін солқылдатты. Қолынан суысып бара жатқан күрен қасқаның тізгінін әрен ұстап қалды. Тұла бойы шым еткендей болып, самайынан суық тер бүрк етті. Бұрын кокпарға шығарда марқұм әкесінің өлімі елестемеуші еді. “Маған бүгін не болған? Манағы Қарақыздың жылап қалғаны әсер етті ме?”— деп ойлады. Әкесі көз алдына тағы елестеді.

...Ол кезде он жаста еді. Ертеден қара кешке дейін қозы сонында жүреді. Бір күндері ел дүрліккен той болып, ел ішінде қым-куыт кокпар шабылды. Дүбір естісе дөлебесі қозып, есі шығып кететін әкесі сонда атқа ер салды. Шешесі: “Атың бауырынан жарап суыған жоқ, барма”, — деп жалынып, шаужайына жармасып жүр. Бұл болса іштей әкесінің барғанын қалайды. Кокпар әкеліп берсе дейді. Жаз бойы тісіне бір түйір қызыл тимеген. Жылап жүрген шешесіне жақтырмай алакөздене қарайды. Біраз жерге әкесінің артынан томпаңдаш жүгіріп ілесіп барды. Ар жағында өзі білмейтін ұлан-асыр ұлы сүрен. Сыңсып қалған шешесіне де, томпаңдаш ерген өзіне де қарамай, жауырыны күжірейіп, қанды көз әкесі ұзап кетіп барады. Алдыңда қоп-қою шан. Күшке болмаса, ақылға

ырық бермес шарт та шұрт ұстасқан білек, жер дүниені солқылдаткан дүбір, құйқаны шымырлатқан ацы айғай. Сол дүрмек әкесін де жұтып жіберді.

Қас қарайып кеткен кез бе. Шешесінің алдында екі көзі төрт болып отырған. Әшейінде: “Көкен қекпар әкеледі”, – деп алдандыратын анасы бүгін неге екені белгісіз тілауыздан қалыпты. Ауық-ауық денесі тоңғандай болып селк-селк ете түседі. Жанары жол жақта. Осылай отырып Сердалы үйқтап кетіпті. Әлден уақытта қатты шыққан анасының даусынан шошып ояңды.

Көз алды бұлдыр, буалдыр бірдеме. Есік алдына ат жалын құшып әкесі келіпті, аузынан, мұрнынан қан тамшылайды. Босағада арыстай болып қекпар жатыр. Бірер жігіт шырқ айналып әкесінің үзенгісіне жармаса береді. Енді байқады, қекпаршының аяғы таралғыға қарысып қалыпты. Шешесі құрак ұшып жүгіреді. Жігіттер ұзак үкалад қарысып қалған аяқты жаза алмады, уақыт өтіп жатыр. Ақырында көрші шал келіп кездігін суырып тартпаны шарт киып жіберді.

Аттан түсірісімен әкесі дүние салды. Жұрттың айтуынша өкпесі қүйіп, зорығып кеткен көрінеді...

Әке қазасы жас Сердалыға қатты әсер етті. Көпке дейін құбыжық суреттер көз алдынан кетпей қойып еді. Қадірсіз, құнсыз өткен қайран әкесі. Сол әкенің қайратын берсе ғой... Қөрсетер елі-ау! Кімге... неге... ол арасын өзі де білмейді.

Жасына жетпей шашы ағарып кеткен шешесі қайғыға шыдай алмай, көп ұзамай дүние салды. Сары далада жетім қалды. Ку жетім атанды. Жылдар өте баяғы әкесінің көзін көріп, күшін сынаған кісілер де сирей берді. Тіпті Сердалының дүниеде бар-жоғын руластары ұмытып кеткендей еді. Кең дүниенің бір бұрышындағы үйір жылқыдан басқаны білмейтін қара баланы кім ескерсін.

Опасыз дүниеде жалғыз жұбаныш қалды. Ол жұбаныш қайтсе әкесіне үқсау болды. Шалдардың “әкесінің аузынан түскендей, бәтшагар” деген сөзі сүмдік шаттандыруышы еді.

Сол үлкендер Сердалының атасы да шабандоз болған деседі. “Сабаз, бір күнде жалғыз өзі үш салымға дейін салып кетуші еді әй, Қөрікүлдай шабандоз жоқ кой қазір. Адамдар тегі майдаланып кеткен. Олардың білегі мына біздің беліміздей болатын. Бұл жалғаннан не сабаздар өтті ғой”, – деп ұзын сөзін иіп отыратын.

Көрікүлдың атасы да көкпардан қайтыс болыпты. Додадан көкпар алып шығып келе жатқанда қасқой жігіттер атын қақтырыпты. Ағып келе жатқан ат мойнын ішіне алғып домалап түскен. Қазакы қайың ердің басы Көрікүлдың ішіне кіріп кетіпті леседі.

Бұл тықырышған күрен қасқаның тізгінін тартты. Жердің астынан шыққандай жан-жақтан аттылы жігіттер қапталп келеді. Жиырма төртке жаңа шыққан Сердалының өмірден көріп-білмегені әлі көп. Сағым боп жылжып өмір елесі өтіп жатқандай.

Касына бай ауылның шал-шалғайлары жақындағ қалыпты. Атынан түсіп қарсы жүрді. Шетінен қол алысып сәлемдесті.

— Бұл қай бала?

— Серікүл байғустың жалғыз көзі ғой.

— Садағаң кетейін, көкпардың пірі еді. Қырғызалының намысын бермей өтті ғой. Экесіне тартса — мына көкпар осы баланікі болар.

— Орімдей жас екен ғой. Отая тігіп пе ең, балам?

— Ондайы жоқ әзір.

— Атыңның белі қалай?

Сердалы тұнғыш рет тіл қатты.

— Бір жұмалық таңасуы ішінде.

— Тартар не екен? — деп сұрады жарғактай шал қасындағысынан.

— Үш жасар серке көрінді, жігіттің жігіті шыдар.

Шалдар әлі дүйлдасып барады. Сердалы үнсіз қалды.

Ту сыртынан дүбір шықты. Сайдың тасындағ ығысқан жігіт. Бірлі-жарымын болмаса көбін жыға танымайды. Бай ауылның еркесін орталарына алғып, жерді солқылдатып көшіріп келеді. Ат қүйрығын шарт түйісіп, сынар жеңді түрініп, білекті жалаңаштап алған. Әне біреуі есерленіп, қүйғытып келіп Сердалыны аш буйірден мытып өтті. Озгелері карқ-карқ күледі.

— Көкпарға келген жігіт пе десем, қара жылқышы екен ғой, — дейді жандайшап жігіт. Серіктері жуанның етек-женіне жел үріп қолпаشتайды келіп.

— Макұлықша тек дода керек.

— Анадағы көкпарда әлдекімнің итін тақымға басып кеткенін айтсанышы. Ай, сонда төбем көкке бір жетті-ay!

—Қойшының басын жарғаны есінде ме? Қолы қатты бұл сабаздың!

—Әкесінің көріне... Көкпарға жаратылған жан гой!

Мақұлыш дегені мына қолпаши сөзді естіген сайын есенгіреп, мәңгіп барады. Жолшыбай кезіккенді бір қауып өтеді. Ақырында тартпасы шарт үзіліп ауып қала жаздады. Бай баласы әлдекімді сыртынан сыртыра боктайды келіп.

Сердалы бұл жолы да түйік қалды. Жұрт даланың жиегіне жиналып жатты. Астарында ылғи жарау ат. Сол екі арада көкпар басталды. Бұл жүйрігінің белін босатып, айылын тартып біраз аялдады. Көз ұшындағы қосқа қарады.

“Сол қоста көзі жәудіреп Қарақызы отырган болар”. Еңсесін басқан ауыр ой сейіліп жүре берлі. “Бұл өмірде өзін сүйетін, көніліне медеу болатын жан болғанына шүкіршілік. Жанын шүберекке түйіп, жолына қарап отыр-ау”, - деп іштей толғанды.

Күн ауа бастапты. Көкпар да құж-құж қайнап түстікке ойысып келді. Алдыңғы аттар болдырған. Көп ұзамай алып қашуышыны арттағылар қып жетті. Жерге түсіп кеткен көкпар анадайда теңкіп көрініп жатыр. Серкені қос білек қатар көтерді. Тартыс басталды. Он шактЫ атты бір жерге үймелеп ұмар-жұмар болды да қалды. Біреуді-біреу біліп болмайды, ішіне шок түскендей ширыкты.

Сердалы жүйрігінің тартпасын шірей тартты. Қарақыз берген орамалмен мандайын байлады. Көз ұшындағы қос жакқа тағы қаралы. Атқа ырғып мініп, көкпар шабылып жатқан жазықты құлдилап шаба жөнелді. Қою шаң арасынан, әр түстән шынғырған айқай құлақты кеседі.

Әкесі мың сан аттылы қалың көкпарға қаймықлай кіретін. Бұл да күрен қасқаның тізгінің тартқан жок. Бірер шоғырды басып өткенде тартыска да жетті. Күрен қасқа ышқына ытырылған сайын тарта-тарта көкпар салмағы Сердалы жакқа лықси түсті. Міне, арғы қапталдағы жігіт өзіңен-өзі сұып қалды. Енді екеуара тартысты.

Серкенің алдыңғы екі аяғы бір бөлек, артқы аяқтары бір бөлек қосақталып байланған. Бұл астауға ыңғайлы болсын дегені. Енді машиқталған сан түрлі айла-тәсілді салуға болады.

Көз ілеспес шапшаңдықлен ат жалына жармасты. Иесін кимылынан танитын күрен қасқа жалт бұрылды. Осы сәтті күткен Сердалы да үзенгілі аяғымен шойын қараны ыңқ еткізіп

теуіп өтті. Шойын қара толқып барып көкпарды қолынан шығарып жіберді.

Енді байқады, қауіптің үлкені алда екен. Сырт жағын тағы бір кісі ұстап үлгеріпті. Ес жиуға мұрша берер болмады. Манағы жігіт ауық-ауық ат бауырында жатып алғып, жұлынынды үзіп жіберердей күшпен сілкеді кеп. Тұла бойды зырқылдатып барады. Екі рет еріксіз бүгіліп түсті. Айлаға салып көкпарды сәл босатып еді. Аттың екеуі де сүрініп кете жаздады. Қапылысты пайдаланып серкені сарт еткізіп тақымға алды. Енді қарсыласы қайта қайрат қыла алмайды.

Күрен қасқаның бауыры жазылып жүре берді. Қатты екпінімен соққан жел тұншықтырып барады. Міне... аттылар тосын айналып өтіп жосыды. Қуғыншылар көп-ақ. Негізгі топтан сыйылып, күннің батысына салды. Көкірегін жел кернеп, шабыт бөлеп, көз алдына әкесі елестеді. Иә, ол да осылай шабатын.

“Тарт, тарт!” деп айқайлап екі-үш жігіт алдынан андыздап шыға келді. Жар астында күтініп тұрғандар еді. Көкпар салтында тап бұлай қарсы шығуға болмайды. Қарсы шапқан қашан да қауіп. Қатты келе жатқан атты қағып ұшырып жібереді. Мұндай қас-қағым сәттің өзі соншама қымбат. Бірінші жігіттен күрен қасқаның өзі құтқарды. Тұсынан шауып өткенде сарт тиген қол шекпенінің бір етегін жұлып өтті. Екіншісі де ат жалына жатып алған. Астындағы аты үшқыр сүр жебедей екен. Көзі қарауытқандай болды. Қызған ат тізгінді қалай қабылдар екен. Жоқ, жануар сыралғы мінезін жаңылмай қайталады. Сүр жебе аттың ығымен қыыса бере, жалт бұрылды. Бұрылыстың екпіні сонша, өзі ат үстінен ауып түсे жаздады.

Ең кын үшінші кезек еді. Күрен қасқа адымын жаза шауып оны да артқа салды. Жақсы ат иесінің ойын таниды. Иесі мұлт кетсе, ол да есебінен жаңылып, арынынан айрылады. Көкпар атының көңіл-күйіне, шабысына шабандоздың қатты қөңіл қоятыны содан. Үшінші жігіт қас қылғандай әрі айлакер, әрі білекті болып шықты.

— Үа, әкеңнің... Көкпар сенің не теңің! — деп ұстаса кетті.

Енді байқады, баяғы Мақұлыш екен. Мандаіын қызыл орамалмен таңып алынты. Бір кереметі, әлсін-әлсін әлгі үйдегі жігіт ат бауырына жатып қалғанда жоқ болып кетеді. Екі

білек сарт-сұрт үстаса кетті. Әдетте, айбат шегіп келген қарсылыстың сұсы ғасқыш келеді. Ә дегеннен-ақ, көп жігіттер асып-сасып,abdырап жібере салады. Сердалы мынадан тіксінген жоқ. Қаны қарайып кетті.

Жүрттың бәрі осы тартысты күткендей еді.

Дала төсі тыныш ғап-сағ басылып қалғандай сезілді. Ешкім араша түспек емес. Екі-ақ жол бар. Бірі – Макұлыштың қолын қаусата жұлып көкпарды тартып әкету, екіншісі – мына даланың шаңын қауып, ат тұяғының астына тұсу. Иә, Сердалы мұны түсінді.

Макұлыш атының арғы сауырына бұлт етіп жатып қалды. Сәл кешіксе тегеурінді күш алып түспек. Көз ілеспес шапшаңдықпен өз салмағын көкпарға қоса Сердалы аттың қамшылар жоқ бауырына құлады. Бел үзердей ауыр күш ортага түсті. Беріскең ешкім болмады.

Жатып тартысудың мұндай алма-кезек түрі атқа ауыр тиеді. Көп аттың белі кетіп, кирелендеңеп қалады. Шабыстары кілт басылды. Сердалы сол жатқан күйі тізгінді тісімен тартты. Күрен қасқа жалт етіп онға бұрылды. Екі аттың арасы жазылып жүре берді. Анау да көпті көрген кәнігі екен. Әрі қарай бұрылып үлгірді. Жұла тартқан дүлей күшке шыдамас та еді. Көкпар тағы да қайыстай созылып барып өз серпінімен қос атты қайта қосып жіберді.

Макұлыштың түрі жан шошырлық. Көзі қанталаған қып-қызыл, жақ еттері білеуленіп кеткен. Екейі де қайта түрегелді. Келесі тартысты Сердалы бастады. Қарсыласы жағынан денесімен лық етіп түсіп, көкпарды бар салмағымен жерге сілкіді. Ол серкені ердің басына үстай қойды. Ер басы қарш етіп сынып түсті. Енді бастарын түйістіре қатар шауып, қолтық қаға тартысты. Сердалының тұла бойы ду-ду етеді. Қарсылыстың дымы құрып, аузы арандай ашылған. Езуі ағарып кетіпти. Кезек сілкіседі, кезек тойтарады. Аттар орта шабыспен ағып барады.

–Иттің баласы, жібер, мертіккің келмесе! – дейді Макұлыш қырылдай үн қатып. Жүзі түтігіп кетіпті. Әлем таптырық дүние. Көз алдына ұмар-жұмар бірденелер елестейді. Сердалының аузынан қар дәмі білінеді. Енді созуға болмас деп ойлады.

Келесі сәтте сол аяғын қолтырына тығып жіберіп, кілт тоқтатты. Зырқырап бара жатқан атты бұлай тоқтату тегі киын.

Көп жаттығуды, көзсіз тәуекелді тілейді. Қатты екпінгे ілескен Мақұлышты тұсынан өткізіп барып, сұрапыл қүшпен солж еткізе тартты. Көкпар су тиғен қайыстай созылып барып, бұлт етіп Мақұлыштың қолынан шығып кетті. Жоқ, әлі де шықлады. Қарсыласының қолы артына қайырылып әлі айрылмай келеді. Бұлай боларын ойламаған еді, таң қалды. Ал екпіні Мақұлышты шырқ үйіріп айналдырып барып тастап кетті. “Oh!” деп, Мақұлыш шаңға аунап қала берді. Жер мен көк тұстаса құніреніп кеткендей сезілді. Жұрт қекірегі қарс айрылды. Кімнің наразы, кімнің риза екенін айыру қын. Аспан асты аппақ, бәрі жынданып желпілдете кетті. Дүние ес танарлықтай дүрлігеді. “Ағажандап” келген бірінші жігітке қекпарды ұстата салды да, Сердалы шетке ойысып шықты.

Күрән қасқаның белі талған сияқты. Қөсіліп шаба алмайды. Атына іштей разы. Жалынан құшып құшактады. Жұық арада топтан шығарап емес. Жұрттың бәрі жамырасып, жармасып жатыр. Күн қызыра еңкейіп кешкіріп қалыпты. Әлгі тартыстың кемі ет пісірімге созылғанын сезді.

Белеңге шығып аттан тұсті де төнірекке көз жіберді. Қыырдағы қос қөрінбейді. Тұстікке таман ойысып кетіпті. “Қарақыз қайтып отыр екен? Жанын қоярға жер таппай, жолына қара тігіп үздіккен болар бейбақ жан! Тас жетім болса да мінезге бай, айналайын. Осыдан колға бірер мал бітіріп қосылсақ еді”. Қосылмақ болып уәделескені есінде. Жан дүниесін әлдене қопара құнірентті: “Керегі жоқ қекпардың. Жастығын қор етіп бітті. Оздері-ақ намыска құрбан болып қырқыса берсін. Қасында Қарақыз, алдында бес-он тұяғы болса жараганы. Тыныштық керек, тілемейді өңгесін”.

Ылдода қекпар әлі шабылып жатыр. Ызың-ызың, қым-куыт ат тасқыны маңайды қөшіріп барады. Мына топ, катал тобыр талайдың қайрат-күшін құрдымға жұтып жатқандай. Аяуы жоқ, ашуы көп. Қызып алғанда бауырын да танымай кетеді. “Әлгіде Мақұлыштың орнында өзі болса қайтер еді? Үстінен мың сан түяқ тапап топыраққа араласып жатар еді-ау. Кім көзге ілсін”. Осыны ойлағанда денесі мұздап кетті. “Қайран жұрттым-ай! Кеудене толған запырандай ашу-ызынды осындейда шығарасың-ау! Осы күш, осы намыс ақылдың жолына салса сені қайда апарар еді?!“ Сердалының жанары жасаурап кетті. Қорқып емес, әлгі ойдан жасып қалды. Рухы

түсіп, жаны құлазып қалғандай. Ие, бұл өмірде қайратты жандар көз жасын көрсетіп жылай білмесе де, нали біледі. Қабырғасы қайыса налиды. Құн қөкжиекке жетіп қалыпты.

Кос жакқа қарады. Көз үшында қарғалар үшіп барады. Сердалы алдағы тағдырын ойша болжады. Иә, бұл ешқандай мал жинап байи алмайды. Қарақызың қалың да бауырын үрді. Енді топтан шығуы сын. Серкенің алдыңғы екі аяғын таралғыдан өткізіп тақымға басып алды. Нағыз дода енді басталды.

Қаққан ат, соққан қамшы, сақ-сақ тиген үзенгі, құлакты жеген айқай. Екі бүйірінен екі кісі қатар келіп үстады. Оң жақтағысының аты белсіз көрінді – көп тебінеді. Бар салмағын сол жақтағы тарамыс жігітке салды. Тарамыстың қолынā бір сирақ ілгіпті. Бір-екі жібере тартып, жібере тартып қалғанда әлгі сирақ жұлынып кетті. Оң жақтағыны қүрен қасқаның тегеуріні алып тындырды.

Тағы да үш жігіт келіп қатар үстады. Әлденеге тісі сақ етіп тиіп, көзінен жасы шықты, әлдекімнің шіреніп қамшымен үрганын білді. Сонда да қекпардан айырылмады әйтеуір. Дүние дөңгеленіп жүре берді, көз алды білеу-білеу білек, ысылдаған дырау қамшы. Аты ышқынып жазыла шапты. Тартыс атаулының өзі білетін барлық түрін қолданды. Қанша рет ат бауырына жатып түрегелгені есінде қалмады. Алға жосыла берді. Ат тасқыны таусылар болмады. Атты үрган қамшы екі-үш мәрте арқасын осты, қойлегінен жылымшылап қан көрінді.

Бір мезетте тақымынан қекпар сусып кеткенін байқады. Әлдебір қол ат бауырынан үстағаны. Үзенгілі аяғымен әлгі қолды теуіп қалды. Жалт қараганда көрді – ол жігіт те аунап түсіп ат тасқынына көміліп кетті. Жармасқан қол шырмауықтай тегі. Енді есерлеу біреу жұлып ала алмаған сон, қекпарды қоя салып, мұның өзіне үмтыйлды. Ат тайқып кетпегендे еңсеріп кетер ме еді, қайтер еді. Көз алды неге қараңғы? Құн батып кеткен бе? Додадан құн батпай шығуы керек еді-ау.

Салмақты қол сарт ете түсіп ыргап тартып өткенде белі үзілгендей ауырды. Оң білегі тыз етті. Қапталдаса сұғынған әлдекім қамшымен тартып өтіпті. Қолын сындырмақ болғаны, бірақ қатты түйілген бүлшық ет соққыны сүйекке дарытпады, ат тобы сиреген сияқты. Жандәрмен деп соңғы тартысты

тойтарды. Қит етсе жаны шығып кетердей, бұрынғыдай бүлтылдаپ ат бауырына жата алмайды. Ер үстіне қазықтай қатып қалған. Күрәң қасқа аты дауылға ұшыраған қайықтай шайқалақтап келеді. Есендіреп, еліріп келе жатып дәрмені бітті. Әзәр деп қарақшыға жетті.

Одан арғысын Сердалы білмеді.

Күн де батты, күннің қызыарып батқанын шабандоз көрмедин. Жұрттың қалай тарағанын да сезбеді. Мақұлыш ауылының жігіттері келіп, тері сұмектеп әрең тұрган күрәң қасқаны масқаралап құйрығын кесіп кеткенін де ешкім білген жок.

Жылқышы ауылдың екі шалы келіп өгіз арбага Сердалының жансыз денесін салды. Әр жерде, топ-топ, үйір-үйір көкпардан қайтқан адамдар. Барлығы үнсіз, бейне жаназадан қайтқандай түнерінкі. Түн де түнеріп келеді. Бұл далага көкпар бастағанда жұрт қалай тез жиналса, қазір де солай, қараңғыға тез сіңіп жоғалды. Жер жұтып қойғандай бейне. Шыныраудан даланың айы туды. Шаңдақ жолмен тықырлай жылжып өгіз арба келеді. Ай сәулесімен арба дөңгелектері соңшалықты үлкейіп көрінеді екен. Екі шал бастарын төмен салған, үнсіз. Түнере түқшиып алыпты. Өгіздер дамылсыз пысылдаپ бастарын шайқай түседі. Арба соңында құйрығы кесілген күрәң қасқа ілбі ереді. Бұлар да қазір мына даланың бір бұрышына сіңіп жоқ болады.

Иә, бұл сар далада нелер оқиға өтпеген, кімнің басы домалап қалмаған десенші.

1964.

ШАБАНДОЗ

Шілденің аптап күні күйдірген жердің бетінен оты шығып, құба жоннан сары сағым иретілді. Арқа тұстағы Қаратай белі кеткен қара нарға ұқсайды, іркіс-тіркіс болып шөгіп жатысы жаман. Бұлым бел, жуан жон сағым суретімен бірде қашықтап, бірде жақындағы сылақ ұрып мұнарта түседі. Үлди беттері сары сахараның бетінен он шакты құйын ұршық үйіріп, етегі дүрлідеді. Бұрылып қарал еді, желке тұсынан бір топ бала құйын төбе қылтиып тығылмақ ойнағандай орғып, ұрнарға қара таппайды. Бұл ранның алқабын, ана көз ұшындағы Отырабат шөлін құйын ғана жайлаң алғып, баяғы бабасы айтқан: “жын-шайтанның жымы етіп жіберіпті”. Ат десе ішкен асын жерге қоятын шабандоз Шортанбай: “беу, заман-ай!”— деп, тобарсыған таңдайын тақ еткізіп, сілейіп түрді, түрді да, оң аяғын сылти басып келіп, коржын тамға басын сұкты. Есік ашық қалды. Су сеуіп салқындастып қойған ауызғы бөлменің төріне төсеген текеметке тізе бұкті де, қолындағы тіреуіш таяғын босаға жаққа лактырып жіберді. Ұстарамен қырғызған үлкен басының бір бұрышына әзер ілігіп түрған жамау-жамау тақиясын алды. Терішіген маңдайын, мойнын тақиямен көсліте-көсліте сүртті де, оны алаканына салып қағып-қағып, басының бір жеріне қайта жапсыра салды. Бұрышта қамыр илең отырған әйелі Тоқбала ернін сылп еткізіп: “Тақия шақ келе ме саған, киген құрлым қаққылап құртасың”, — деді. Оны елеген Шортанбай жок, есік жаққа, онан әрі құйыны құтырған далаға қаралды:

—Әлгі бала қайда жүр ә? Ендігі мен Қарашенгелге барып келетін ем. Мына ыстықта атты құртатын болды ғой, өкпе ғып! Аттың қадірін біле ме бұлар, “дүкенге барып келейін”, — деп, құлағымды жеп қойды, түге. Сен де қосылып, шәй жок, бәтенкенің бауы жок деп қоймадың! Тоқбала алара бір қарап қойды.

—Дүкенге есекіпен-ақ барып келсек болар еді. Бұлар кит етсе атқа жүгіреді. Енді міне сарша тамыздың ыстығында атты қинап... Әй, маған да обал жок, көне салған.

Тамсаныш-тамсаныш жіберді де, төр жаққа қолын созды.

—Қарағым, насыбай шакшаға қол жалғап жіберші, — деді.

Төрде бүк түсіп, өлең жазып жатқан акқуба бала – шақшаны алды да, итініп кеп колына ұстадты. Насыбайды ернінің астына салып, біраз ойланып отырды. Әлден уақытта басын көтеріп, төрде бүк түсіп, өлең жазып жатқан акқуба балаға қарады. Аяныш білдіргендей қабағы кіржие қалыпты.

–Сөйтіп, акын боламын де. Менің де сұрып салмам барды. Мына женғене үйленер кезде бұл әтірепте менен асқан акын жоқ еді. Аруақ конды ма, қылым дарыды ма, әйтеуір, тілге тиек болмай кетті...

–Қазір де айтасыз ба?

–Жоқ-ә! Соғыска барған соң қойып кеттім ғой. Төрт жыл бел шешпей фашистермен шайқасу онай ма. Мына он аяғым содан жарадар. Елге келген соң бабамың жолын құп, ат ұстадым.

–Бабаңыз кім болып еді?

–Пәлі, боламысың-ау деген. Аты шулы Сазанбай шабандозды білмеуің, үят екен. Остіп жүріп өлең жазасың, ә?

Қабағы кіржиіп, есік жаққа қарады. Тіф-ә, деп табалдырықтан асыра түкіріп жіберді.

–Әлгі бала қайда жүр, ә? Жүгермек-ай, ат қадірін түсінбей-ақ кетті-ау. Тал түсте тепенцедеп жетіп келеді енді. Құн қайтқанша бір үйге көленкелей тұрмайды-ау. Жануар карнын тартып қалып еді... Эй, Тоқбала, тамағынды тездет енді!

Төр жаққа бұрылып, бүк түсіп, өлең жазғалы жатқан акқуба балаға қарады. Қаламы ақ қағаз үстінде шик-шиқ етеді. Тақырдан дән терген тауықтың балапаны болушы еді. Мынаның қаламы да құдды сол балапандай. Бұл, шіркін, қайдан тауып жазады екен.

–Алматыларың аманшылық па? Эне бір жылды мына аяқтың ылаңымен мен де барып едім. Мәшине дегенің Қалтақ қойшының отарындаш шұбап жатушы еді.

Ақын бала өзін “акын етіп шығарған”, екі кітабын жарыққа шығарған Алматыны, сүйікті Алматысын мына шалдың қорлағанына қапа болып отыр. Әсіресе, ондағы мыңғырған машиналардың қайдағы бір Қалтақ қойшының отарына теңелгеніне көнгісі жоқ. Даға бар, өмірден үйрен дей берген соң... келіп еді. Ойлап, ойлап, пәлен жыл көрмеген онтүстіктің Созақ ауданын тандаған. Онда аптап құн бар, сап-сары қымыз бар, ең бастысы, шабандоз нағашысы Шортанбай бар. Міне, енді солардың қала ортасында... өмірмен қоян-колтық

араласып... бүк түсіп өлең жазып жатыр. “Саяңды сенің сағынам, Алматының қайыны...”

Тоқбала асты түсіріп кеп, дәл алдына ала дастарханды жайды. Далада қалып, сұы ысып кеткен құмғанды әкеліп қолдарына су құйды. Шортанбай жамбасындағы шапанының қалтасынан бәкісін алды. Аузын шайып тастанап, бері жақындалап отырды. Ернеуі кетілген үлкен ағаш табаққа екеуі де ентелей жайфасты. Тоқбала тұздық қамдап, қазан басында салдырлатып жүрген. Даладан керімсал соғады.

Ақын баланың мұрнын жас еттін жұпар іісі жарып барады. Үңіліп қарап еді, қамырыз, картошкасыз кілкіген майлы ет. Қамыры бар-ау. Бірақ әр жерде бір шұқымы көрінеді. Сүбесі сыптырыла жаздал піскен үлкен жамбасты қолына ұстата салды. Өзі де турап отырған етінен әр кезде бір кесегін аузына тастанап жібереді. Қылпып туралған ет табақ ортасында тау болып үйіліп қалды. Тоқбала қазан бетін қалқыған майлы сорпаға аз-маз пияз турады да, әлгі тау бол үйілген үймен үстінен құя салды. Ақын бала әлгі ұстатқан жамбастың етімен-ақ тойып қалды-ау. Сыпайылық сақтап, табаққа қолын созған болады. Жанына тізе түйістіре келіп отырған Тоқбала әлсін-әлсін: “Жесенші, алып отыр енді”, – деп қояды.

–Кала жайламай-ақ, малмен жан бакқан қазақпыш. Өзім осы совхоздың жылқысын бағамын. Шүкір, ешкімнен кем емеспіз, – дейді Шортанбай аузы босай қалғанда. Сөзге Тоқбала килікті.

–Қалқам-ау, әлгі аңы су болмаған соң алмай отырсың ба? Манағы бала да кешікті. Осы тұрған жер неғып... Дүкенші де бір сырбаз ит. Күн ысыса үйінен шықпай қалады, Мейірбанды баласынып жүр ме.

–Ойбай, о не дегеніңіз? Баланы босқа әуре қылып. Ішпейтін едім ғой.

–Қымыз құйып бер онда! – деді Шортанбай әйеліне иек қағып. Өзі әлі манағы қарптыудан танбай отыр. Қара табақтың да іші шұңғылданып, терендеп барады. Жүрегі кілкіп, көзін тайдырып, есік жаққа қарады.

–Көрінбейді ә? Бір үйге кідірген шығар. Атты аяса сөйтеді. Осы сенбіде қойшылар тойы болмақшы еді. Өкімет бәйге, көкпар береді деседі ол. Соған Қуренді даярлап жүргем...

Қолын майлыққа сүртіп, дастарханнан шегініп шықты.

Самайына шып-шып тер моншақтап, жүзінө қызғылт рен кірген. Дөңгелек қой көздері жылы нұрға толы. Үлкен салалы саусақтарының майымен шоқша сақалын сүйкеп-сүйкеп өтті. Эйелі ұсынған орта кесе сорпаны алды.

Елең ете қалысты. Шынымен дүбір шықты. Кәдімгі сұыт жүрген салт атты жолаушы дүбірі. Шортанбай отырып-отырып, санын бір-ак сокты.

—Ой-буй-й! Жүгермек-ай атты құртты-ау. Ай, жануар-ай, күнге қүйіп, пісіп қалды ғой. Тағы да жай жүрмей жортып келеді. Енді не қыласын ғұларға. Атты қан сорпа ғып бұзды да жіберді. Эй, қатын, әкел ана балдақты, — деп күніреніп, тұтігіп орнынан тұрды. Оң қолындағы таяғы сықыр-сықыр етеді. Тоқбала да зыр қағып көбелектей ұшып-қонып жүр. Шалының ашуынан да қорқып барады.

—Отағасы-ай, қойыңызшы! Байғұс бала қайдан білсін. Қараши, өзі де шүкәйттай боп, күнге қүйіп кетіпті. Қонақ келгесін жаны қалмады да.

Баланың түрін көргенде Шортанбайдың ашуы басылып қалды. Ақ көбік тер басқан күренге бір; тутігіп, қүйіп, бір уыс болып ер үстінде отырған ұлына бір қарап қойып, тізгінді үстады.

—Тұс енді, жарбимай, — деп жекіп қалды.

Мейірбанның үзенгіге де аяғы жетпей ат үстінен сызырылып келеді. Асығыста бір балағы таралғыға ілініп қалып, көне шалбары жыртылып, дыр етті. Әрі қысылып, әрі қорқып, сасқалақтап жүріп түсті-ау, әйтеуір. Танауы тершіп, үйге жүгіріп кірді. Бір қолы ышқырында жүр.

—Апа, арак жоқ. Сынабек қатынымен қыдырып кетіпті, — деді.

—Алда қағынғыр-ай. Әні, өстеді ғой деп ем-ау. Осы қисықтан құтқаратын күн туса екен. Нак керек кезінде зымзия жоғалады. Балаға да обал болды-ау. Қойшылардың соңынан сүмендеп жүретін көшпелі дүкен болушы еді. Жылқышыны адам екен демейді. Жылқыны таста, қой алайық десем, ана әкең көнді ме! Қой бақсақ қой, күнде бір бастық дедек қағып келіп тұрар еді, қас-қабағымызға қарар еді.

—Қапа болмаңыз енді. Баста әуре қылмайтын нәрсе еді. Ішкілікке жоқлын ғой, — деп ақын бала орнынан тұрып, тыска беттеді.

Күн ауып қалыпты. Манағы манайда қаптап жүрген қүйин жоғалыпты. Сонау Раңың өзенінің арғы беті қаптаған қой. Қойлы ауыл. Тұтіндері тік шашылып шығады. Қыбырлап, қозғалып есекке мінгел койшылар өзенге құлап келеді. Бастары қалтаңдап үзіліп түсердей.

Үй артындағы көлеңкеде аттың терін үгіп, қүйбенде, Шортанбай жүр. Ыңылдан, сипалап, Қүренді айналғандай болады, құлағының түбінен қасиды. Қолына ұлкен ат таракты алып, үйісіп қалған қүйрық-жалаң сүзе бастады. Әуелі үшінан, сосын түбінен тарқата тарап шықты. Енді аттың қүйрық-жалаң жібектей сусылдан тарапты, сүзіліп тұрды.

Шортанбайдың бұл тірлігіне ақын бала қызыға қарайды. Апрай, ә, мұндай де ұқыптылық болады екен-ау. Аттың таралмаған бір тал қылы қалмады фой. Мына мүсін, мына аяқ тастан қашағандай көрікті-ақ. Тұрғызып қойып, қарап тұрар ма еді.

—Ә, көзің қызықты ма ақын бала?! Бір сен емес, Қүренге қызықкан қаншама жан. Шынымды айтсам, талай жан қолқа салды. Бергенім жок. Құдай қаласа, ертенгі қойшылар тойында ел-жұртты бір шулатамыз.

—Бұрын бәйгеге қосып па едіңіз?

—Күнаныңда қосқаным бар. Озып келді. Биыл бесті. Нағыз шабатын шақ. Қыстай арпа бердім. Бірақ көктем шыққалы кара отқа жайыла алмай келеді. Жусан да қүйіп кетті. Қара отпен қарының тартып алсам ба деп едім...

—Шабаз, тұқымы жақсы ғой мұның. Озіміздің Ақалтеке мен құла айғырдың тұқымы. Марқұм әкеміз айтып отырушы еді, Құланы ұстаған жігіттің арманы жоқ деп.

Күлімдеп, жүзіне нұр ойнап, армансыз бір толқып кетті. Тағын сықырлатып, аттың сол қолтығына келді. Әлі сөйлем жүр.

Жылқы тұқымы, мына Қүренің атасы қай тұқымнан, анасы қай тұқымнан жыр қылады дейсің бір. Пәлен дегеннің асында пәлен жылқыдан озып келіп еді. Арғы атасы ма, арғы атасы кешегі аласапыран заманда Мөнке батырды жаудан құтқарған екен. Беріде бұлардың тұқым-тұяғын ескерген адам болған жоқ. Қойшы-қолаңшы мәстек қып мініп алды. Соғып тауысуға айналған. Өзім соғыстан қайтып келсем, осының тай атасы мінгіш болып, бір бригадирдің астында жүр. Тани кеттім. Өлуге айналған екен. Содан колхозға мына қатынның

жалғыз сиырын орнына өткізіп әрең алдым. Әйтеуір, әлпештеп жүріп, келер қыста барып үйірге салдым. – Сағатың қанша болды, қарағым?

– Бес жарым.

– Бесін болып қалған екен-ая? Ау, Мейірбан, кайда құрып кеттің?

– Не, көке? – деп Мейірбан жүгіріп келді. Аузының жиегіне жаңа ғана ішкен айраны жұғып қалыпты. Манағы жыртылған балағы жамалған. Кішкентай қарны тыңқып ышқырын керіп түр. Қап-қара кекілі көзіне түсіп мазасын алады. Тілін шығарып, аузының айналасындағы айран қалдығын жалап алды.

– Не дейсің, көке?

– Атты терлетіп келші. Бүгін қамау терін алайық... Қазір жабулап беремін. Сонау Қарамоладан бір-ақ қайт! Орта жолда сөл кіліріп, түзге түрғызып аларсың. Қамшың кайда?

Үйден Тоқбала шықты. Қолында майыскан ақ шелегі бар.

– Мейірбан-ай, киімінді ки. Башпайыңды үзенгі жеп қояды...

– Тәйірі, не қылар дейсің! Кел, мін. Қатынқамалға жеткенше қамшы салма. Қайтар бетте тізгінді екі-үш рет жіберіп алуына болады.

Он жасар Мейірбан алып Қүренің үстінде титімдей болып көрінеді. Ыржып, күлген болады. Әкесі көйлегін ышқырына салып, аяғын таралғыға қыстырып, комдап жатыр, колына үкілі қамшы берді. Тізгінді екі-үш жерінен түйіп, бала қолына шақтап қыскартты. Ат басын бұрып, “шу” деп жіберді.

Қүрен ауыздығын сүзе дүсірлетіп жорта жөнелді. Аршындалап, арындалап барады. Үстінде Мейірбан желл-желл етіп, тізгімен қоса бүтіліп-бүтіліп түседі, лезде қырқадан асып ғайып болады. Қөпке дейін дүбірі басылмай тұрды.

Сары далага тұлпар кетті.

– Тастан кетпесе игі еді, – деп, акын бала Мейірбанды уайымдай бастады. Жүрегі бір жаманшылық сезгендей. – Озіңіз неге мінбедіңіз?

– Мені ауырлайды. Сексен килені көтеріп отыз шақырым жер шабу оңай ма? Белі кетеді ғой.

– Қаршадай баланың такымы қалай шыдайды? Бір жерде тастан кетіп журсе...

—Сырмінез гой. Құнан құнінен өзі шауып жүр.

Деуін десе де, Шортанбай да толқи бастаған сияқты. Сонша алысқа жібермей-ақ, Қатынқамалдан қайтарсамшы. Ай, кызбалық-ай. Ол межеге жетем дегенше күн де батады. Баласынып журмесе, жануар есті еді, я, құдай, өзің жар болар гөр.

Екеуі де батар күнге қарады. Қызырып Қаратая өркешінің айрығына тақап қалыпты. Күні бойы ыстығын төгіп-төгіп, сөнуге айналған сексеуіл шоғындай. Шортанбайдың қой көзі де қанға толып, шоқтай жанып келеді. Балдағын сықырлатып есік алдына барды. Шаташотты алып қазық істеуге кірісті. Қолы дірілдеп, ісі өнер емес. Анадай жерде сиыр сауып жүрген Тоқбалаға қарайды, ақын балаға сыртын беріп отыр.

—Енді есіме тұсті. Жаңа сенімен әңгімеге алданып жүріп, байқамай... Шаптауына ескі тартпа салып жіберіппін гой. Қаран қалғыр шіріп түр еді. Ат арындал алғасын шарт үзіледі-ау... Ау, Тоқбала, неғып жүрсін?! Қойсанышы, енді сиырдың желінін соза бермей!

Жұзінде аңқау-адал адамның кешірілмес кейісі білінді. Катуланып қапа болып отыр. Қолындағы қазықты лақтырып жіберді. Анадай жерде сүйек кеміріп жатқан Майлышаяқты таспен жіберіп үрді. Қаңсылап жайына ол кетті. Жарты шекесіғана қалған күнге қарады. Көзі қанға толып кетіпті. Балдағы сынардай болып зарлап, сықырлап түр.

—Күн батарда да балаға ат шаптырар ма. Орға түсіп кетсе қайтесін?— деп, Тоқбала құңқілдеп келеді. — Ешкімнің сөзін тындау жоқ мұнда...

—Ошір үнінді!— деді Шортанбай қатуланып.

—Сабыр қылышыздар. Үнемі шабылып жүрген жылқы мінез көрсете қоймас. Кәнігі гой, — деп ақын бала білгенін айттып тоқтау салмақ болды.

—Ей, не білгенің бар! Үнемі шабылып жүрген жоқ еді гой. Көктем шыға үйірге қосқам. Әбден айғыр болып жүрген жерінен, той болады деген соң, кеше ұстап әкеліп едім. Әрі, аңқау басым, сен келген соң, есіріп, көрсете қояйын деп... Басты пәле, үйірге түсіп жүрген жерінен кеше келгені ғой...

Ошақ басынан Тоқбаланың сарыуайымға толы үні шығып еді. Едірейіп тұрған Шортанбай тағы дұрс ете қалды.

—Ошір үнінді!

Бұл шакта күн әбден өшіп, соңғы шапағын жинап-теріп, көк аспанды жалап-жүктап, қас қараюға айналған.

Сонау өзеннің аргы бетінен қойшы ауылдың жылт-жылт еткен оттары көрінеді. Жылаған баланың даусы шығады. Бір ит үнін созып дауыс көтеріп еді. Анадай жерде мөліп жатқан Майлыаяқ та басын көтеріп қыңсылады кеп. Енді тұмсығын көкке шаншып үздік-создық ұли бастады. Тамағы қырылдап жер-жаһанды қөшіріп барады. Ақын баланың төбе қүйқасы шымырлай жөнелді... Шортанбай да шыдай алмады білем.

—Кет, әрмен! Иттің баласы, жаманшылық шақырма!— деп, кейіді кеп.

—Ит арағырақ барды да, үздік-создық тағы ұлып жөнелді. Қойшы ауылдың иттері де қосылды. Бұл жолы Шортанбайдың жан даусы шықты.

—Әй, қатын, мылтықты әкел үйдегі! Бір жолына садаға!

—Шортеке, сабыр етсеңіз. Иттің ұлығанында не түр. Хайуан емес пе, — деп ақыл қосып жатыр ақын бала.

—Отағасы, ашуынды қиши. Кісіден үятты... — деп Тоқбала да тоқтау салғысы келді.

—Әкел енді, әкел дегесін!..

Саңқ етіп атылған мылтық, қаңқ еткен ит үніне қосылып сары даланы, ана адырды аралап жарысып жөнелді. Енді бір сәтте маңай құлакқа ұрган танадай тына қалды! Тіршіліктің үні өшіп, құлағы бітеліп тұрды. “Не боп қалды, түге?”— дегендегі қиядан қылқыып ай қарай бастады. Жымып күлгендегі болады. Әлдекайдан қыздың сыңсығаны ма, баланың шырқыраганы ма құлазыңқы үн келеді құлакқа. Тұн күнгірт шілденің күрең тұні. Көк аспанды мың сан жүлдyz торлап алған. Сыбыр еткен жел жок.

—Аман болса, Қатынқамалдан бері асты, — деді шал.

Сүйеніп тұрған таяғын тастай бере, жерге жата қалып, тың тыңдады. Бұлар да демін ішіне тартып қатып қалған. Қыбыр етсе болмашы дыбыс, сол дүбірмен қосыла келетін өмір дыбысы үзіліп кететіндей. — Әзірге дүбір естілмейді.

Шортанбайдың есіне жас кезінде басынан өткен бір оқиға түсті. Жүргегі дір ете қалғандай болды...

Озі де осы Мейірбандай кішкентай еді. Бірақ жасы ересектеу, он үшке тақаған. Жылан жылы ма-ау, қоян жылы ма есінде жок. Атасымен қосылып Түркістанға барғаны бар. Айдаң барған малын сатып, астыққа айырбас жасады. Бірер